

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Гедеонның шағын әскері



Мәтінін жазған: Edward Hughes


Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тыйм салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.



Ешуа Нұнұлының
өлімінен кейін
Израилдің барлық
халқы Құдайды
тындамай, Оны өз
өмірлерінен сызып
тастады. Құдай көрші
мадияндықтарға
Израилдің
егістігі мен

үйлерін өртеп жіберуге
жол берді. Израилдіктерге
үңгірлерде тұруға
тура келді.



Бір исаилдіктің, Гедеонның, бидай өсіретін құпия орны болса керек. Ол астықты үлкен ағаш түбіндегі жасырын шарап сыққышпен бастырып жатқан.

Мадияндықтар бұл жерді білмейтін, бірақ Құдай білді! Құдай періштесін

Гедеонға арналған хабармен жіберді.


3

Құдай Гедеонның өз әкесінің жалған құдайының мүсінін құртып, шынайы Құдайға құрбандық орнын тұрғызғанын қалады. Гедеон өзінің отандастары өзін өлтіретінінен қорқа тұра, Құдайдың бұйырғанын істеді.




4

Құдай, сондай-ақ, Гедеонның әділетсіз мадияндықтарға қарсы исаилдік әскерді басқарғанын қалады. Алайда Гедеон қорықты. Ол Құдайдың өзімен бірге екенін білу үшін ерекше белгі сұрады. Сосын ол жерге қойдың жүнін төседі.



5



«Егер шық тек жүнде ғана болса, ал жерде құрғақ болса, – деп жалбарынды Гедеон, – онда мен Сенің Өзің айтқандай Исаилді менің қолыммен құтқаратыныңды білем!» Ертеңіне жер құрғақ еді, бірақ ЖҮН ТҮГЕЛІМЕН ЫЛҒАЛ БОЛДЫ!


6

Гедеон әлі де күдіктенді. Енді ол Құдайдың шықты жүнге емес, жерге жібергенін қалады. Келесі күні таңда жер ылғал болды да, ЖҮН ҚҰРҒАҚ БОЛДЫ!




7

Гедеон 32000 адамдық әскерімен шайқасуға аттанды. Дегенмен Құдай әскер санын бар-жоғы 300 адамға дейін қысқартты. Құдай Исаилдің: «Менің өз қолым мені құтқарды», – деп айтқанын қаламады. Исаилдің Құтқарушысы Құдай ғана еді.



8

Гедеонның әлі де қорқатынын білген Құдай оған құпия түрде бір мадияндық сарбаздың екіншісіне бір түрлі түс көргені жайында айтып жатқанын естуге мүмкіндік берді.



9

Басқа күзетші үрейленіп кетті. «Бұл солай... Гедеонның семсері...», –деп дауыстап жіберді ол. Гедеон түсті және оның мағынасын естіген кезде, ол Құдайдың өзіне жеңіс сыйлағалы тұрғанын білді.




10

Гедеон түнгі шайқасты жоспарлаған. Ол әрбір сарбазға керней мен ішінде жанып тұрған алауы бар бос құмыраларды ұстатты. Олар мадияндықтардың әскерін қоршап алды.




11

Гедеонның белгісі бойынша сарбаздар керней тартып, құмыраларын сындырып, алауларын жақты. Бұл –қандай шу! Бұл –қандай жаңылысу! Үрейленген мадияндықтар тұрып алып безіп кетті.



12

Осы ұлы жеңістен кейін израилдіктер Гедеоннан өздерін басқаруды сұраған. «Мен сендерді басқармаймын... Сендерді Жаратқан Ие басқаратын болады», –деп жауап берді Гедеон. Ол адамдардың



өмірін басқаруға Құдайдың ғана қақысы бар екенін білді.

13

Гедеонның шағын әскері

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Билер 6-8

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."

Забур 119:130

14



Соңы

15

60

15

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

16